

Ине мен жіптен өрілген кескіндеме

2026 жылғы 19 ақпанда Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы жүзеге асырып отырған «Күміс университет» жобасы аясында «Бейнелеу өнері» бағыты бойынша кезекті іс-шара өтті. Шара «AIZAKHAN» галереясы алаңында ұйымдастырылып, өзіндік қолтаңбасымен танылып жүрген жас суретші Мұратбек Тұрбай Оралбекұлымен кездесу түрінде өтті.

Мұратбек Тұрбай Оралбекұлы – дәстүрлі кесте тігу өнерін жаңа белеске көтеріп, оны кескіндеме кеңістігімен сабақтастырған бірегей шебер. Ол бояу мен қылқаламның орнына ине мен жіпті пайдаланып, көрерменге шынайы картинадай әсер қалдыратын туындылар тудырады. Суретші кестені тек ою-өрнек шеңберінде қалдырмай, оны толыққанды көркем шығарма деңгейіне жеткізген. Жіптердің сан алуан реңктерін шебер үйлестіре отырып, ол портреттерді, табиғат көріністерін, тұрмыстық тақырыптарды кесте арқылы бейнелейді. Әрбір еңбегі – төзім мен ұқыптылықтың, дәлдік пен зергерлік нәзіктіктің айқын үлгісі. Оның туындыларына алыстан көз салғанда, майлы бояумен салынған картинадай әсер аласыз. Ал жақыннан қарағанда, әрбір тігістің асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен орындалғаны анық байқалады.

Кездесу барысында суретшінің шығармашылық жолы, ізденістері мен өнерге деген көзқарасы кеңінен әңгіме арқауына айналды. Қатысушылар автор туындыларымен етене танысып, кесте өнерінің қыр-сырына тереңірек үңілуге мүмкіндік алды. Суретші мен «Күміс университет» жобасының тыңдаушылары арасындағы еркін әрі мазмұнды диалог ерекше әсер қалдырды. Қатысушылар кәсіби шеберліктің сырларын танып, өнердің эстетикалық мәні мен сұлулық ұғымының тереңдігі туралы ой бөлісті. Суретші қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап беріп, шығармашылық тәжірибесімен бөлісті.

Бұл кездесу үлкен буын өкілдері үшін өнер әлемінің сырлы пердесін ашқан, тағылымы мол әрі әсерлі басқосу болды.



